

Ұлытау облысының сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру қағидаларын бекіту туралы

Ұлытау облыстық мәслихатының 2023 жылғы 26 шілдедегі № 50 шешімі

Қазақстан Республикасының "Жарнама туралы" Заңына сәйкес Ұлытау облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Ұлытау облысының сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру туралы қағидалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнін кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлытау облыстық мәслихатының төрағасы

Б. Шингисов

Ұлытау облыстық  
мәслихатының IV сессиясының  
2023 жылғы 26 шілдедегі №50  
шешіміне қосымша

Ұлытау облысының сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру қағидалары

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ұлытау облысының сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жарнама туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерлерде орналастыру тәртібі мен шарттарын реттейді.

3. Қағидалар Ұлытау облысының аумағында жарнаманы өндіретін, тарататын, орналастыратын және пайдаланатын жеке және заңды тұлғалардың қызметі барысында туындастырын қатынастарға таралады.

4. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жарнама – кез келген құралдардың көмегімен кез келген нысанда таратылатын және (немесе) орналастырылатын, адамдардың белгісіз тобына арналған және жеке немесе заңды тұлғаға, тауарларға, тауар белгілеріне, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге қызығушылықты қалыптастыруға немесе қолдауға және оларды өткізуге жәрдемдесуге арналған ақпарат;

2) жарнама таратушы – мұлікті, оның ішінде телерадио хабарларын таратудың техникалық құралдарын беру және (немесе) пайдалану жолымен және өзге де тәсілдермен жарнамалық ақпаратты тарату мен орналастыруды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

3) жергілікті атқарушы орган – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган;

4) көше жиһазы (жабдығы) - елді мекендерде үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте орнатылатын декоративтік сипаттағы және практикалық пайдаланылатын объектілер (гүл құмыралары, павильондар, отырғыштар, орындықтар, жәшіктер, қоғамдық көлік аялдамалары, ақпараттық панель, балалар ойындарына және ересек тұрғындардың демалысына арналған жабдықтар мен конструкциялар);

5) мандайша – дараландыру құралдарын қоса алғанда, жеке және заңды

тұлғалардың атауы және қызметінің түрі туралы ғимаратқа кірер жолдардың саны бойынша оған кірер жолдың шегінде және (немесе) алып жатқан аумақ қоршауына кірер жолда, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың нақты тұрган және тауарларды өткіzetін, жұмыстарды орындастырын және қызметтерді көрсететін жерлердегі ғимараттарының, оларға жапсарлас құрылыштарының және уақытша құрылышжайларының шегіндегі шатырларда және қасбеттерде орналастырылатын ақпарат;

6) сыртқы (көрнекі) жарнама – сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінде орналастырылған және елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға

ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде көзбен көруге қол жетімді жарнама;

7) сыртқы (көрнекі) жарнама объектісі – жарнаманы тарату және (немесе) орналастыру үшін пайдаланылатын құрылыштар, әртүрлі қөлемдегі немесе жалпақ конструкциялар, оның ішінде экрандар мен электронды таблолар, жарықты конструкциялар және өзге де құралдар;

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

**2-тaraу. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру тәртібі**

5. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінде, оның ішінде ғимараттардың (құрылыштардың) сыртқы жақтарына орналастырылатын жарнама бейнелерін және (немесе) ақпаратын бейнелеу және салу арқылы жүзеге асырылады.

6. Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілеріндегі жарнамалық бейнeler және (немесе) ақпарат Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын күштеп өзгертуді, тұтастырын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылықтың дәріптелуін, порнографияны насиҳаттау немесе үгіттеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды құрайтын мәліметтерді тарату үшін пайдаланылмауға тиіс.

7. Жарнама әлемдік немесе ұлттық мәдени игілікті, мемлекеттік рәміздерді (елтаңбаларды, туларды, әнұрандарды), кез келген мемлекеттің валютасын, діни рәміздерді, қандай да бір жеке немесе занды тұлғаларды, қызметті, кәсіпті және тауарды құрайтын өнер объектілеріне нұқсан келтірмеуі тиіс.

8. Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін, оның ішінде нұсқағыштарды орналастыру Қазақстан Республикасының Жер кодексіне, Қазақстан Республикасының сәулет, кала құрылышы және құрылыш қызметі, автомобиль жолдары және жол жүрісі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Сыртқы (көрнекі) жарнамаға:

1) маңдайша;

2) жұмыс режимі туралы ақпарат;

3) арнайы бөлінген орындарда орналастырылатын мәдени, спорттық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар афишалары;

4) қызмет көрсетудің техникалық құралдарын және көлік құралдарын дараландыру;

5) мұнай өнімдерінің түрлері, мұнай өнімдерінің бағалары, сатушының атауы мен логотипі туралы автожанармай құю станцияларына кірген жерде орналастырылатын ақпарат;

6) мәдени құндылықтар туралы және (немесе) тарихи-мәдени мұра объектілері туралы, оның ішінде тарих пен мәдениет ескерткіштері туралы ақпарат (мәліметтер);

7) айырбастау пункттерінің жаңында орналастырылатын, қолма-қол шетел валютасын теңгемен сатып алу және (немесе) сату бағамдары туралы мәліметтер бар ақпарат;

8) сырттан көзбен көру үшін сөрелер мен терезелерді мынадай:

ұй-жайлардың ішінде орналастырылатын тауар өнімі;

көрсетілетін қызмет түрлері;

дараландыру құралдары;

декоративтік және мерекелік безендіру сипатындағы ішкі безендіру жатпайды.

10. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы жергілікті атқарушы органдар не өткізілген ашық конкурстардың қорытындысы негізінде жергілікті атқарушы органдармен жасалған тиісті шарттар негізінде өз қаражаты есебінен инвесторлар орнататын көше жиһазына (жабдығына) орналастыруға жол беріледі. Жеке және занды тұлғалар инвесторлар бола алады.

11. Тротуарлар мен велосипед жолдарын қоспағанда, жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерден жер участкелері азаматтар мен занды тұлғаларға сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыру үшін жалпыға ортақ пайдалануға нұқсан келтірместен уақытша жер пайдалануға беріледі.

12. Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына бөлінген белдеудің жер участкелері жолдың көліктік-пайдалану сапасының төмендеуіне жол бермеу, көлік құралдары қозғалысының қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау талаптарын сактау жағдайында сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыру үшін беріледі.

13. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы тарих пен мәдениет ескерткіштерінде және олардың қорғау аймақтарында, ғибадат ғимараттарында (құрылышжайларында) және оларға бөлінген аумақ пен олардың қоршауларында, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орналастыруға жол берілмейді.

14. Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыруға "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, осы Қағидалардың қосымшасына сәйкес нысан бойынша елді мекендердегі ұй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс ұй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру туралы хабарлама жіберілген жағдайда жол беріледі.

15. Жергілікті атқарушы органдарға тиісті хабарлама жібермей, сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін өз еркінше орналастыруға жол берілмейді.

16. Хабарламаларды сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыратын жарнама таратушылар:

облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына – сыртқы (көрнекі) жарнаманы облыстық маңызы бар қалалардағы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, облыстық маңызы бар қалалардың аумақтары арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастыру кезінде;

аудандардың жергілікті атқарушы органдарына – сыртқы (көрнекі) жарнаманы аудандық маңызы бар қалалардағы, ауылдардағы, кенттердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің аумақтары арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастырған кезде жібереді.

17. Хабарлама сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінде сыртқы (көрнекі) жарнама орналастырудың болжамды күніне дейін кемінде бес жұмыс күні бұрын жіберіледі.

18. Хабарламаға:

1) сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру кезеңі мен орны туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (хабарламада көрсетіледі);

2) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексіне (Салық кодексі) (бұдан әрі – Салық кодексі) сәйкес сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырудың бірінші айы үшін төлемақының енгізілгенін растайтын құжат;

3) нобайларымен қоса жарнаманың қазақ және орыс тілдерінде еркін нысандағы сипаты қоса беріледі.

Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырудың бірінші және кейінгі айлары үшін төлем мөлшері сыртқы (көрнекі) жарнама объектісін орналастыру жағында мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бейнелерді, бейнекөріністерді, жүгіретін жолдарды қоса алғанда, төленген ай ішінде орналастырылған сыртқы (көрнекі) жарнама санына қарамастан, сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру жағының орналасқан жері мен алақына қарай, салық кодексімен бекітілген базалық ай сайынғы мөлшерлемелерге сәйкес есептеледі.

Сыртқы (көрнекі) жарнама объектісі жағының алақына сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру төленген күнтізбелік ай ішінде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру жағына бұрын енгізілген төлемді растайтын құжатты қоса бере отырып, хабарлама жіберу жолымен жүзеге асырылады.

Үй-жайдың ішінде орналастырылатын бейнелер мен бейнекөріністер тауар өнімін және көрсетілетін қызметтердің түрлерін сипаттайтын сыртқы көзбен көру үшін сөрелер мен терезелердің ішкі безендірілуіне жатады.

19. Жергілікті атқарушы органдар хабарлама бойынша ұсынылған материалдарға жойылуы міндettі жазбаша уәжді ескертулер береді.

Жергілікті атқарушы органдар ескертулер берген жағдайда, сыртқы (көрнекі) жарнама ескертулер жойылған жағдайдаға орналастырылуы мүмкін.

20. Жергілікті атқарушы органдар хабарламаны алған күннен бастап төрт жұмыс күні ішінде жауап ұсынбаған жағдайда, өтініш беруші өзі мәлімдеген мерзімде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыра алады.

21. Көлік құралдарында жарнама орналастыру сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру туралы хабарлама жіберілмей және сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы алынбай жүзеге асырылады.

22. Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінде елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуіндегі, елді мекендерден тыс үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарына бөлінген белдеуден тыс жерлерде сыртқы (көрнекі) жарнама орналастырғаны үшін Салық кодексінде белгіленген тәртіппен және мөлшерлерде төлемақы алынады.

23. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырудың бірінші және кейінгі айлары үшін төлем мөлшері сыртқы (көрнекі) жарнама объектісін орналастыру жағында мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бейнелерді, бейнекөріністерді, жүгіретін жолдарды қоса алғанда, төленген ай ішінде орналастырылған сыртқы (көрнекі) жарнама санына қарамастан, сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру жағының орналасқан жері мен алақына қарай, салық кодексімен бекітілген базалық ай сайынғы мөлшерлемелерге сәйкес есептеледі.

Сыртқы (көрнекі) жарнама объектісі жағының алақына сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру төленген күнтізбелік ай ішінде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру жағына бұрын енгізілген төлемді растайтын құжатты қоса бере отырып, хабарлама жіберу жолымен жүзеге асырылады.

Үй-жайдың ішінде орналастырылатын бейнелер мен бейнекөріністер тауар өнімін және көрсетілетін қызметтердің түрлерін сипаттайтын сыртқы көзбен көру үшін сөрелер мен терезелердің ішкі безендірілуіне жатады.

24. Сыртқы (көрнекі) жарнама жаяу жүргіншілердің өтуіне және көшелер мен тротуарларды механикалық тазалауға кедергі жасамауы тиіс.

25. Жарықты сыртқы (көрнекі) жарнаманы және маңдайшаларды пайдаланатын кәсіпорындар, жанып кеткен жарық элементтерін уақтылы ауыстыруды қамтамасыз

етуі тиіс. Жарықты жарнаманың немесе мәндайшаның жекелеген белгілері жарамсыз болған жағдайда жарнаманы немесе мәндайшаны өшіру қажет.

26. Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырылады.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда, бақылау субъектісіне бұзушылықтар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсыным жіберіледі.

27. Мәндайшада жарықтандыру ұйымдастырылуы мүмкін. Мәндайшаның жарығында жарқырамайтын, тұйықталған жарық, тұрғын үй-жайлардың терезелеріне тікелей бағытталған сәулелер тудырмауы тиіс.

28. Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілеріндегі түссіз, жыртылған ақпараттық жеткізгіштер, сондай-ақ тақырыбы ескірген, оның ішінде әлеуметтік сипаттағы ақпараттық жеткізгіштер ауыстырылуға жатады. Аталған іс-шаралар сыртқы (көрнекі) жарнама иелерінің есебінен және (немесе) сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерінің меншік иелерінің есебінен жүргізіледі;

29. Сыртқы (көрнекі) жарнама объектілері қауіпсіз болуы, облыстың қалалары мен елді мекендерінің сыртқы сәulet келбетін бұзбауы және эстетикалық сипаттамалардың олар орналастырылатын объектінің стилистикасына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.

30. Меншік иесінің (иелерінің) және (немесе) баланс ұстаушының жазбаша келісімінсіз ғимараттарда, дуалдарда, қалалық жолаушылар көлігінің күту павильондарында, қандай да бір хабарландыру мен ақпараттық хабарламаларды, сыртқы (көрнекі) жарнаманы жарықтандыру тіректеріне жапсыруға және орналастыруға жол берілмейді;

31. Ағаштарға қандай да бір хабарландырулар мен ақпараттық хабарламаларды, сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін желімдеуге және орналастыруға жол берілмейді.

32. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы бөлшектеген жағдайда жарнама таратушы салық төлеушілер тізілімінен алып тастау үшін Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесіне жазбаша хабардар етуі қажет.

### 3-тaraу. Қорытынды ережелер

33. Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру объектілерінің меншік иелерімен немесе, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру объектілеріне өзге де заттық құқықтарға ие адамдармен жасалған шарттың негізінде жүзеге асырылады.

Ұлытау облысының сыртқы (көрнекі)

жарнаманы елді мекендердегі  
үй-жайлардың шегінен тыс ашық  
кеңістікте,  
жалпыға ортақ пайдаланылатын  
автомобиль  
жолдарының бөлінген белдеуінде,  
елді мекендерден тыс жердегі  
үй-жайлардың шегінен тыс ашық  
кеңістікте және жалпыға ортақ  
пайдаланылатын  
автомобиль жолдарының бөлінген  
белдеуінен  
тыс жерде орналастыру қағидаларына  
қосымша  
Нысан

## Жергілікті атқарушы органның құрылымдық бөлімшесі

(басшының аты, әкесінің аты (болған кезде) тегі)

жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (болған кезде) тегі,  
немесе заңды тұлғаның толық атауы

мекенжайы

жеке тұлғаның ЖСН немесе заңды тұлғаның БСН

байланыс телефоны

Сыртқы (көрнекі) жарнаманы елді мекендердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте  
, жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде, елді  
мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ  
пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастыру  
туралы **ХАБАРЛАМА**

Меншік иесі \_\_\_\_\_  
сыртқы (көрнекі) жарнама объектісінің иесін көрсету

—  
сыртқы (көрнекі) жарнама объектісіне меншік (құқық иелену) құқығын растайтын  
құжатты көрсету

**МӘЛІМЕТТЕР НЫСАНЫ:**

Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру орны

Сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыру кезеңі \_\_\_\_\_

Эскиз сипаттамасы \_\_\_\_\_

сиртқы (көрнекі) жарнама объектісінің түрі, сипаттамасы

Сыртқы (көрнекі) жарнама параметрлері мен саны \_\_\_\_\_

сиртқы (көрнекі) жарнаманың ұзындығын, енін, санын көрсету

Қосымша:

1) сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы алынғанын  
растайтын құжат;

2) эскиз.

Күні \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_

МО

Жергілікті атқарушы органның  
құрылымдық бөлімшесі

(басшының тегі, аты, экесінің аты  
(ол болған жағдайда)

жеке тұлғаның тегі, аты, экесінің аты  
(ол болған жағдайда) немесе занды  
тұлғаның толық атауы

mekenzhay

Жеке тұлғаның ЖСН немесе занды  
тұлғаның БСН

байланыс телефоны

## ӨТІНІШ

Сыртқы (көрнекі) жарнама объектісін, сыртқы (көрнекі) жарнаманы бөлшектеуге  
байланысты \_\_\_\_\_ бастап,  
(кезеңді көрсету)

(занды немесе жеке тұлғаның атауы)

салық төлеушілер тізілімінен алып тастауды сұраймын.

Сыртқы (көрнекі) жарнама объектісінің, сыртқы (көрнекі) жарнама түрі \_\_\_\_\_

Сыртқы (көрнекі) жарнама объектісінің, сыртқы (көрнекі) жарнама параметрлері \_\_

---

— Сыртқы (көрнекі) жарнама объектісінің, сыртқы (көрнекі) жарнама орналасқан мекенжайы \_\_

---

**Қосымша:**

- Бөлшектеу орнының суреті;
- Бөлшектеу актісі (ол болған жағдайда).

Күні, қолы

М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК